

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында Қазақстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы азаматтарының өзара сапарларының шарттарын тәртіпке келтіру туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 қараша N 1411

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы азаматтарының өзара сапарларының шарттарын тәртіпке келтіру туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тәжік тарапымен

келіссөздер жүргізісін және қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне рұқсат етіле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Келісімді жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан
Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы
және Тәжікстан Республикасы азаматтарының өзара
сапарларының шарттарын тәртіпке келтіру туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

екі мемлекет арасындағы достық тату көршілік қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мақсатында,

екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларының шартын тәртіпке келтіруге ұмтылыс білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

Тараптар мемлекеттерінің азаматтары осы Келісімде көзделген шарттармен осы Келісімнің N 1 және N 2 қосымшаларында аталған жарамды құжаттар бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумағына келуге, кетуге, транзитпен өтуге және уақытша б о л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Тараптар мемлекеттерінің азаматтарының жүріп-тұруы Тараптар мемлекеттерінің шекараларындағы өткізу бекеттері арқылы жүзеге асырылады.

2 - б а п

Тараптар шетелге шығу және үшінші мемлекетке кіру үшін жарамды құжаттар бойынша Тараптар мемлекеттерінің азаматтарын халықаралық жолаушы қатынасы үшін ашық шекаралардағы өткізу бекеттері арқылы үшінші мемлекетке жіберуге м і н д е т т е н е д і .

Тараптардың кез келген құзыретті органдары арқылы шетке шығуы шектелген адамдардың өздерінің мемлекеттері аумағынан үшінші мемлекетке шығуларына жол бермеу шараларын қолданатын болады.

Тараптар азаматтардың өзара сапарларының тәртібі мен режимі жөнінде үшінші мемлекеттермен қолданыстағы Келісімдер туралы бір-бірін хабардар ететін болады.

3 - б а п

Ұлттық паспорттардың иелері болып табылатын Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына 5 (бес) тәулікке дейін тіркеусіз (у а қ ы т ш а тіркелімсіз) келеді және онда уақытша болады.

Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу кезінде Тараптардың шекаралық қызметтері арқылы шығу кезінде қайтарылуға тиісті көші-қон бақылау карточкалары беріледі.

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес 5 тәуліктен ұзақ мерзімде болудың ұзартылуы Тараптар мемлекеттерінің ішкі істер органдары арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Екінші Тарап мемлекетінің аумағына темір жол көлігімен келген азаматтар ішкі істер органдары беретін көші-қон бақылау карточкалары негізінде екінші Тарап мемлекетінің аумағында 5 (бес) тәулік тіркеусіз (уақытша тіркелімсіз) бола алады.

4 - б а п

Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезінде сол Тарап мемлекетінің заңдары мен ережелерін, оның ішінде шетелдік азаматтар үшін белгіленген тіркелу (уақытша тіркелім), болу және жүріп-тұру ережелерін сақтауы тиіс.

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің екінші Тарап мемлекеті азаматтарының келуінен бас тарту, немесе болу мерзімін шектеу құқықтарын қозғамайды.

5 - б а п

Көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу және мерзімін ұзарту алымдарының тарифтері көлемі жағынан Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында белгіленген шетелдік азаматтың тұрғылықты жері бойынша тіркелулеріне арналған алымдармен тең келеді және оны Тараптар дипломатиялық арналармен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын ноталар алмасу арқылы келісетін болады.

6 - б а п

Көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу, тіркеу (уақытша тіркелім) рәсімінен:

- а) Тараптар мемлекеттерінің дипломаттық және қызметтік паспорттарының иелері;
- ә) Тараптар мемлекеттерінің дипломаттық және қызметтік паспорттарының иелері болып табылатын Тараптардың дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің, Тараптар мемлекеттерінің аумағында орналасқан халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің қызметкерлері мен олардың отбасыларының мүшелері;
- б) Тараптар мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің әкімшілік-техникалық қызметшілері мен олардың отбасыларының мүшелері;
- в) Тараптар мемлекеттерінің ресми мемлекеттік және үкіметтік делегацияларының мүшелері және олармен бірге жүретін адамдар;
- г) жарамды ұлттық паспорттары бойынша және бас декларациядағы (ұшу тапсырмасындағы) жазба болған жағдайда азаматтық авиацияның әуе кемелері экипаждарының мүшелері;
- ғ) жарамды ұлттық паспорттарымен әрбір рейске бекітіліп отыратын маршруттық парақтар және аттары жазылған тізімдер бойынша жолаушылық, поездық, рефрижераторлық, локомотивтік бригадалардың қызметшілері және Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында темір жол көлігімен тасымалданатын жүктермен бірге жүретін адамдар;
- д) алдын ала уағдаластыққа сәйкес жарамды ұлттық паспорттарымен іссапарлық куәліктері (ұйғарымдары) бар болған жағдайда қызметтік куәліктері бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері. Тараптар мемлекеттерінің құқық қорғау

органдарының тізбесі дипломатиялық арналар арқылы анықталатын болады;

е) жарамды ұлттық паспорттар және Тараптардың құзыретті органдары беретін тиісті құжаттар бойынша үкіметаралық фельдъегерлік байланыс қызметкерлері б о с а т ы л а д ы .

Осы баптың "ә" және "б" тармақтарында көрсетілген адамдар Тараптар мемлекеттерінің Сыртқы істер министрліктерінде тіркеледі.

7 - б а п

Екінші Тарап мемлекетінің аумағынан темір жол көлігі арқылы транзитпен өтетін Тараптар мемлекеттерінің азаматтары осы Тарап мемлекетінің аумағына көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеусіз ұлттық паспорт пен темір жол билеттері бойынша к е л е д і , к е т е д і .

8 - б а п

Тараптар өзара сыйластық негізінде көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу және мерзімін ұзарту үшін алымдар алудан:

а) Тараптар арасындағы шарттарға сәйкес ғылым, техника, білім, мәдениет, өнер және спорт саласында алмасу тәртібімен жүретіндерді;

ә) Тараптар мемлекеттерінің аумағындағы оқу орындарында оқитындарды;

б) Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, оларға теңестірілген адамдарды, тиісті куәліктерін көрсетуі бойынша 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектерді, сондай-ақ 60-тан а с қ а н а з а м а т т а р д ы ;

в) 16 жасқа дейінгі балаларды босататын болады.

9 - б а п

Тараптардың шешімі бойынша төтенше жағдайларда (індеттер, эпизоотиялар, табиғи апаттар және т.б.) адамдардың, көлік құралдарының, тауарлардың, жүктердің, өзге мүліктер мен жануарлардың шекарадан өтуін Тараптар уақытша тоқтата алады.

Бұл орайда осындай шараларды қолданушы Тарап алдын ала, бірақ 72 сағаттан кешіктірмей, екінші Тарапқа осындай шаралардың қабылданғандығы және тоқтатылғандығы туралы хабарлайды.

1 0 - б а п

Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және халықтың денсаулығын қорғау үшін қажет болса, осы Келісімнің

күшін толық немесе ішінара уақытша тоқтатуға құқылы.

Осындай шаралардың қабылданғандығы немесе тоқтатылғандығы туралы Тараптар алдын ала, бірақ шешімді қабылдаған сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірмей, бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы хабарлайтын болады.

1 1 - б а п

Тараптар мемлекеттері жаңа құжаттарды қолданысқа енгізген жағдайда, Тараптар олардың қолданысқа енгізілуіне дейін кем дегенде 1 (бір) ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы осы құжаттардың үлгілерімен алмасады.

Тараптардың Сыртқы істер министрліктері шетел азаматтарының келуі, кетуі, болуының тәртібіне қатысты қолданыстағы ұлттық заңнамалар және осы саладағы басқа да ақпаратпен алмасатын болады.

1 2 - б а п

Тараптар, қажеттігіне қарай, осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелерді талқылау үшін консультациялар өткізетін болады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану барысында келіспеушіліктер мен даулы мәселелер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

1 3 - б а п

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке х а т т а м а л а р м е н р е с і м д е л е д і .

1 4 - б а п

Осы Келісім, осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде қалатын болады.

_____ қаласында 2001 жылдың " ____ " _____ әрқайсысы

қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Тәжікстан Республикасының Үкіметі
арасындағы Қазақстан Республикасы және
Тәжікстан Республикасы азаматтарының
өзара сапарларының шарттарын
тәртіпке келтіру туралы келісімге
N 1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы азаматтарының
Тәжікстан Республикасының аумағы бойынша
кіруі, шығуы және жүріп-тұруына арналған
құжаттардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасының дипломаттық паспорты.
2. Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты.
3. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
4. Қазақстан Республикасының әуе кемесі экипажы мүшесінің куәлігі (экипаж құрамында ұшу кезінде).
5. Қазақстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік (тек Қазақстан Республикасына ғана қайта оралу үшін).
6. Үкіметаралық фельдъегерлік қызмет қызметкерінің жеке куәлігі.
7. Қазақстан Республикасының жеке куәлігі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Тәжікстан Республикасының Үкіметі
арасындағы Қазақстан Республикасы және
Тәжікстан Республикасы азаматтарының
өзара сапарларының шарттарын
тәртіпке келтіру туралы келісімге
N 2-ҚОСЫМША

Тәжікстан Республикасының азаматтарының
Қазақстан Республикасы аумағы бойынша
кіруі, шығуы және жүріп-тұруына арналған
құжаттардың тізбесі

1. Тәжікстан Республикасының дипломаттық паспорты.
2. Тәжікстан Республикасының қызметтік паспорты.
3. Тәжікстан Республикасының шетелдік жалпы азаматтық паспорты.
4. Тәжікстан Республикасы азаматының (ұлттық) паспорты.
5. Тәжікстан Республикасының әуе кемесі экипажы мүшесінің куәлігі (экипаж құрамында ұшу кезінде).
6. Тәжікстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік (тек Тәжікстан Республикасына ғана қайта оралу үшін).
7. Үкіметаралық фельдъегерлік қызмет қызметкерінің жеке куәлігі.

Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының
азаматтарына көші-қон бақылау карточкаларын беру және ұзарту
үшін алынатын алымдардың тарифі

Көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу - 0,5 АҚШ доллары.*

Көші-қон бақылау карточкаларын ұзарту:

1 айға дейін - 5 АҚШ доллары

1 айдан 6 айға дейін - 10 АҚШ доллары

6 айдан 12 айға дейін - 20 АҚШ доллары

* - Көші-қон бақылау карточкаларын беру және ұзарту үшін төленетін алымдар ұлттық валютамен Тараптардың ұлттық банктері төлеу күні бекіткен бағам бойынша жүргізіледі.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК